

«6D050400- Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Қалнажадарова Шынар Нарынменпаным «Қазақстан телеарналарының даму тенденциялары және инновациялық үлгісін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензентті

СЫЛ-ПІКЕРІ

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бөкту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі; 1) Диссертация мемлекет бөлшегінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысанның бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бөлікпен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Қазақстан Республикасында ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасына толықтай сәйкес. 1) Диссертация мемлекет бөлшегінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысанның бағдарламаның аясында орындалмаған. 2) Диссертациялық жұмыс «Цифрлы Қазақстан» (ҚР Үкіметінің 12.12.2017 ж., №827 қаулы), «Ақпараттық Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламаларымен және 2020-2023 жылдарға арналған ақпарат сәйкесін дамытудың Ұлттық жоспарымен сәйкесілеп жатыр. Бұл өндірістік инфрақұрылымдарды, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамытуға, цифрлы Қазақстанды құру және ақпараттық-мәдени көрсеткісті жетілдіруге, қазіргі медиажүйенің дамуы мен түрленуіне, отандық ақпараттық контентті өндіруді ынталандыруға, қоғамда бәсекеге қабілетті медиаарналықты қолыптастыруға үлес қосады.</p>
2.	<p>Ғылымға маңыздылығы</p>	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы айнылған/айындалмаған.</p>	<p>Докторанттың зерттеу жұмысының нәтижелері ғылымға елеулі үлес қосады. Еңбекте Қазақстан медиаөндірісіндегі телесанының цифрлық стандарттарға көшу кезінде пайда болған үрдістері қарастырылады. Телесаладағы конвергентті редакция, цифрлық технологиялар, мобильді қосымшалар, арналардың Интернетке кірігуі, мультиплатформа, әртүрлі платформаға дайындалған өнімдері ғылыми тұрғыда талданып, еліміздегі салалық арналар қызметі алғаш рет ғылыми жұмыс нысанына айналған. Телесонім мен аудиотория арнасындағы байланысты нығайтудың цифрлық технологиялардың орнын нақтылаған. Телесаладағы маркетинг пен менеджменттің заманауи талаптары сараланып, аутсорсинг ұғымына ғылыми тұжырым жасалды. Отандық телеарналардың отысқа жуық жаңа форматтағы телбағдарламасы ғылыми айналымға еніп отыр.</p>
3.	<p>Өзі жазу принципі</p>	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа.</p>	<p>Жоғары. Ғылыми еңбектен автордың қолтаңбасы анық байқалады. Диссертациялық жұмыстан, жарық көрген ғылыми мақалалары мен оқу құралдарынан зерттеушінің өзіндік стилі қалыптасқандығын</p>

	<p>3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>және ғылыми тәжірибесі бар екені көрініп тұр. Ой-пікірлері, тұжырымдары анық және жүйелі. Зерттеу жұмысынан автордың телесалада тәжірибесінің молдығы, тікелей осы салада қызмет етуі – зерттеу тақырыбын дұрыс құруға, соған орай мәселені анықтап, дерек көздеріне сүйеніп, пікірін телесарапшылар ойымен ұштастырып, мазмұн тұтастығының нақты тұжырымдауға мүмкіндік берген.</p>
<p>4. Ішкі Бірлік принципі</p>	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Зерттеу жұмысының өзектілігі негізделген. Цифрлық технологиялар жарғалайндағы Қазақстан телеөндірісі жайында зерттеулер аз. Осы тұрғыдан алғанда ізденушінің диссертациялық жұмысының тақырыбы өзекті. Қазақстан телеөндірісіндегі трансформациялық үрдістер: цифрлық хабар тарату инфрақұрылымы, нишалық арналар мен сегментке бөліну, Интернет арналардың пайда болу себептерін анықтауы, ерекше ақпараттық бәсекелестік ортада телеөнім тарату, сол арқылы табысқа жету жолдарын қарастырып зерттеуі қай тұрғыдан алғанда да маңызды. Зерттеу жұмысының нәтижелері бір-бірімен байланысты, жүйелі түрде сабақтаса берілген.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертацияның мазмұны тақырыпты толығымен айқындайды. Зерттеу жұмысы «Технологиялық инновация негізінде телехабар тарату жүйесіндегі ерекшеліктер: дәстүр және сабақтастық», «Жана кезеңдегі қазақ телевизиясы дамуының тәжірибесі және аудиториямен байланыстары», «Телевизиялық шығармашылықты жетілдірудің қазақстандық үлгісі» деп аталатын үш тараудан тұрады. Тараулар өзара байланысқан. Автор көздеген нысанның тыңғылықты зерттеп, мақсат-міндеттерін ашу барысында пікірлері мен тұжырымдарын танымды талдаулармен дәлелдей алған.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сай келеді. Ізденуші Қазақстандағы цифрлық телехабар тарату жүйесінің даму ерекшеліктерін айқындап, ақпарат таратудағы цифрлық арналардың рөлін анықтауды, телеарналардың Интернет кеністікке икемделуі барысындағы шығармашылық-технологиялық өзгерістерді талдауды мақсат етіп қояды. Осы мақсатқа ғылым мен техниканың қаржыны дамуының телекөністікке ықпалын сарауы; бүгінгі телеиндустриядағы трансформациялық үдерістер: цифрлық хабар тарату инфрақұрылымын, салалық және Интернет арналар қызметін талдау; телевизиядағы жана форматтар мен инновациялық жобалардағы шығармашылық-техникалық ерекшеліктерді айқындау; тележурналистикадағы пішіндер мен жанрлардағы заманауи</p>

5.	<p>Ғылыми жанашылдық принципі</p> <p>5.1. Ғылыми нәтижелер мен қатидаттар жана болып табыла ма? 1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p>	
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>өзгерістерді саралау, жүйелеу; телехабар мен көрермен арасындағы кері байланыс үрдісінің қарқынды даму себептерін айқындау; тележурналистиканың соны бағыты – маркетингтік коммуникация мен менеджменттің бүгінгі таңдағы орнын пайымдау; еліміз салалық телеарналардың даму үрдісін айқындау, жүйелеу; бәсекелестік ортада телеөнімдерді таратудың тиімді жолдарын нақтылау; телевизиялық шығармашылықты жетілдіру жолдарын топшылауды міндет етіп қояды. Осы міндеттерді жүзеге асыру барысында автор бірқатар телеөнімге талдау жасап, өз пікірін телемамандар ойымен ұштастырған.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жана шешімдер (қатидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыда байланысқан. Автор зерттеу жұмысының максат-міндеттері бойынша сатылы түрде зерттеу жүргізген. Зерттеу нәтижелері нақты дәлелдермен анық көрсетіледі, жұмыстың құрылымдық сабақтастығы диссертанттың тақырыптан ауытқымай, жүйелі түрде берген ғылыми талдаулары жұмыстың құндылығын арттырып тұр. Диссертацияның бөлімдері, тараулары зерттеу нәтижелерімен түйінделіп, ғылыми ойлармен тұжырымдалады.</p> <p>Жұмыста сыни талдау, ғылыми тұжырымдар тыңғылықты жасалған. Зерттеуші кәсіби журналист ретінде сыни талдаулар жасай білген. Диссертацияның теориялық тұжырымдары журналистикадағы іргелі зерттеулерге сүйене отырып жазылған. Диссертант Ш. Қалиаждарова зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми еңбектердегі тұжырымдарды, практик-мамандардың пікірлерін ескере отырып, негізделген тұжырымдар жасаған. Жұмыста бірнеше телеарнаның артүрлі платформадағы өнімдері талданып, әлеуметтік сауалнамалар жүргізіліп, тәжірибелік нәтижелерін оқу құралдарына топтастырған.</p>
		<p>Ғылыми нәтижелер мен қатидаттар толығымен жана. Автор қазақстандық телесаның цифрлық хабар тарату кезеңіндегі даму үрдістерін алғаш рет ғылыми тұрғыда зерттейді. Цифрлық технологиялардың телеөндірістің шығармашылық және технологиялық тұрғыда өзгеруіне ықпалын саралайды. Бұл үдерістердің барынғын зерттеуші телесаладан нақты мысалдар келтіре отырып дәлелдейді. Қазақстан телеарналарының желілет қызметі, салалық арналардың дамуы, интербөбсеңділік қызметінің жана сипаты, телеөнім дайындауға қойылып отырған жана талаптар, телесаланы басқарудың заманауи жолдары ғылыми тұрғыда зерттеліп, телевизиядан алынған мысалдар арқылы дәлелденіп көрсетілген. Соның негізінде мемлекеттік және жекеменшік</p>

	<p>5.2. Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>арналардың жаңа форматтағы өнімдері ғылыми айналымға енгізілген. Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Жұмыста: - цифрлық технологиялар жағдайында Қазақстан телеөндірісіндегі трансформациялық үрдістер алғаш рет ғылыми тұрғыда зерттеіп, отандық арналардың тәжірибелері назарға алынды; - телевизия саласындағы техниканың жетілуі ондағы көркемдік-бейнелеуіш құралдарды дамытты. Соның негізінде жанрлар мен пішіндер өзгеріп, жаңалары пайда болды. Бұл үдерістің телеарналардағы сипаты мен оның көркемге әсері анықталды; - аудитория сұранысын қанағаттандыру, желідегі басқа да бейнеплатформалардан (Instagram, YouTube, TikTok) кіріккен пішіндер мен жанрлар анықталып, ТВ мен YouTube бір-бірін толықтырушы арна ретінде қалыптасып келе жатқандығын ғылыми тұрғыда дәлелденді; - журналистиканың конвергенттік, интербелсенділік, мультимедиялық ерекшеліктерін коммуникациялық тәжірибе нысаны ретінде қарастырып, «Qazaqstan», «Хабар» агенттігі және коммерциялық арналар релакциялары мысалында сараланды; - телеөндірістегі шығармашылықты жетілдірудегі менеджмент пен маркетинг мәселесі назарға алынып, қазақстандық үлгісі ұсынылды; - отандық арналардың көркеммен байланысының түрлі жолы анықталды; - Қазақстан телекөністігіндегі салалық телеарналардың орны алғаш рет ғылыми тұрғыда айқындалып, олардың эфир саясаты, контент таратудағы ерекшеліктері мен мақсатты аудиториясын қалыптастырудағы орны зерттелді; - бәсекелестік ортада телеөнімдерді таратудың тиімді жолдары ұсынылды.</p>
	<p>5.3. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияны жазу барысында жоғарыда аталған түрлі платформаға сараптама, статистикалық құжаттарды өңдеу, контент сараптама, сауалнама жүргізу, мониторинг жасау сынды мақсатқа жету жолындағы міндеттерге қол жеткізу барысында қолданылатын техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа.</p>

6.	Негізгі қорытындыларды негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)			Зерттеу жұмысындағы ғылыми нәтижелер, тұжырымдар мен қорытындылар дәлдігін, негізделуі мен шынайылығын автордың журналистика, соның ішінде телевизия саласына қатысты теориялық еңбектерге, тәжірибелік, қолданбалы зерттеулерге сүйенгендігін және заманауи кешенді түрде талдау әдісін тиімді пайдаланғандығын байқаймыз. Автордың негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыда сенімді дәлелденген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағида	<p>Әр қағида бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағида дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жана ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>			<p>1-қағида. Қазіргі кезеңдегі ақпараттық ортадағы жана құбылыстардың телесалаға әсері сараланды. Цифрлық технологияға көшу үдерісі теледидар келбетін түбегейлі өзгертіп, ТВ көпарналы, көптаралымды ортаға айналды.</p> <p>7.1 Қағида дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2).</p> <p>7.3 Ия, жана (1).</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең (3).</p> <p>7.5 Ия.</p> <p><i>Мақала:</i> Қазақстан телевизия нарығы: трансформациялық тенденциялар ҚазҰУ Хабаршысы, Журналистика сериясы, № 43 (3). – 2017. – Б. 221-225.</p> <p><i>2-қағида.</i> Ұлттық цифрлық телехабар тарату жүйесінің артықшылықтары нақтыланды. Цифрлық жүйе көпарналы хабар таратуға, ұлттық желілік ресурстарды тиімді пайдалануға жол ашты.</p> <p>7.1 Қағида дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2).</p> <p>7.3 Ия, жана (1).</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең (3).</p> <p>7.5 Ия.</p> <p><i>Мақала:</i> The evolution of electronic media of the Republic of Kazakhstan. ҚазҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы, № 52 (2). – 2019. – Б. 79- 89.</p> <p><i>3-қағида.</i> Ақпараттық технологиялардың қоғамға әсері күшейді. Теле-журналистика әр уақыттың, әр кезеңнің ұлттық құндылықтарын көрсетіп, насихаттап қана қоймай, заманауи мәдениеттің жана элементтерін қалыптастыруға да ықпал етегін құрал екендігі айқындалды.</p> <p>7.1 Қағида дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2).</p> <p>7.3 Ия, жана (1).</p>

			<p>7.4 Қолдану деңгейі кен (3).</p> <p>7.5 Иә.</p> <p><i>Мақала:</i> Рухани жаңғыру: ұлттық құндылықтарды насихаттаудағы қазақстандық телеарналардың орны // Президент күні мен Нұрсұлтан Назарбаев атындағы Білім беру қорының 20 жылдығына арналған «Рухани жаңғыру» ұлттық бағдарлама негізінде қоғамды модернизациялау» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Алматы, ХАТУ, 2018. – Б. 69-73. ISBN 978-601-278-839-52.</p> <p>4-қағида: Телеарналар қатарының көбеюі бәсекелестікті арттырды, сапалық арналардың қалыптасуына ықпал етті. Интернет арналар пайда болды. Телевизия мен Интернет арасында күшті бәсекелестік туындап, қазір екі сала бір-бірін толықтыруға көшті. Сонымен қоса, телеарналар әлеуметтік медиамен бірлесе жұмыс істей бастады.</p> <p>7.1 Қағида дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2).</p> <p>7.3 Иә, жана (1).</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кен (3).</p> <p>7.5 Иә.</p> <p><i>Мақала:</i> Қазақстан телеарналарының ғаламторға кірігуі: даму болашағы. ҚазҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы, № 42 (2). – 2016. – Б. 188-194.</p> <p>5-қағида: Ақпараттық ортаның өзгеруі тележурналистикадағы шығармашылық ізденіске әсерін тигізді. Соның нәтижесінде телевизияда жана форматтар мен инновациялық жобалар туындады.</p> <p>7.1 Қағида дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2).</p> <p>7.3 Иә, жана (1).</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кен (3).</p> <p>7.5 Иә.</p> <p><i>Мақала:</i> Қазақстан теленарығындағы ойын-сауықтық телеарналардың даму үрдісі: 31-арна – отбасылық телевизиясы ЕҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы, №3 (118). – 2017. – Б. 460-464.</p> <p>6-қағида: Телетехнологиядағы жаңалықтар телеарналардың жанрлық, түрлік тұрғыдан өзгеруіне әкелді. Тележурналистика сапалық жана деңгейге көтерілді.</p> <p>7.1 Қағида дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2).</p> <p>7.3 Иә, жана (1).</p>
--	--	--	--

		<p>7.4 Қолдану деңгейі кен (3). 7.5 Иа.</p> <p><i>Мақала:</i> Development of National TV Channels in the Context of Modern Trends in World Television» // Quarterly Review of Film and Video. 2023. https://doi.org/10.1080/10509208.2023.2249373.</p> <p><u>7-қағидаг.</u> Интернеттің қарқынды дамуы телеарналардың аудиториямен байланысын күшейтті.</p> <p>7.1 Қағидаг дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2). 7.3 Иа, жана (1). 7.4 Қолдану деңгейі кен (3). 7.5 Иа.</p> <p><i>Мақала:</i> Қазақстан телеарналарындағы интерактивті үдерістер. ЕҰУ Хабаршысы, Журналистика сериясы. №3 (132). – 2020. – Б. 53-60.</p> <p><u>8-қағидаг.</u> Бүгінде телеөндіріс – медиабизнесінің негізгі өзетіне айналып отыр. Осы саладағы күшті бәсекелестік орта телеарналар жұмысын ұйымдастыру, басқару, контент сапасын арттыру және пайда табу жолындағы ізденістерді арттырды.</p> <p>7.1 Қағидаг дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2). 7.3 Иа, жана (1). 7.4 Қолдану деңгейі кен (3). 7.5 Иа.</p> <p><i>Мақала:</i> Қазақстан телеарналарындағы интерактивті контент. ЕҰУ Хабаршысы, Журналистика сериясы, №5 (120). – 2017. – Б. 375-377.</p> <p><u>9-қағидаг.</u> Қазақстан медианарығындағы салалық телеарналардың қалыптасуы мен даму жолдары айқындалды. Елдегі салалық арна қатары артты.</p> <p>7.1 Қағидаг дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2). 7.3 Иа, жана (1). 7.4 Қолдану деңгейі кен (3). 7.5 Иа.</p> <p><i>Мақала:</i> Қазақстан телеарналарының даму тенденциясы: салалық арналар контенті. Интеграциялық үдеріс контекстінде «Қазақстандағы медиабілімнің дамуы: қазіргі жағдайы және болашағы» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Астана, 2016. – Б. 78-83.</p>
--	--	---


		<p>10-кағида. Қазақ тележурналистикасындағы жаңа трендтер: мобильді Интернет, Интернет заттардың (IoT - Internet of Things) дамуы, жасанды интеллекті пайдалану, үлкен мәліметтер базасы (big data), виртуалды технологиялар жағдайы қарастырылып, тегісесіла таяу уақытта болатын құбылыстар мен үрдістер айқындалды.</p> <p>7.1 Қағида дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиялды емес (2).</p> <p>7.3 Иә, жана (1).</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең (3).</p> <p>7.5 Иә.</p> <p><i>Мақсат:</i> Қазақстан телендустриясындағы технологиялық инновациялар: енгізу жолдары мен тәсілдері // «Алаш Орданың» 100 жылдығына арналған «Алаш Орд: тәуелсіз Қазақстан идеясының орындалуы» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция. Алматы, ХАТУ, 24 қараша, 2017. – Б. 148-152.</p> <p>Әдістеменің тандауы негізделген және нақты жазылған. Еденуші зерттеу жұмысын жазуда тарихи деректерді саралау, теориялық зерттеу, ресми құжаттарды сұрыптау, әдебиеттер тізімі мен дәйеккөздерін іріктеу, статистикалық құжаттарды өңдеу, контент сарптама, сауалнама жүргізу, мониторинг жасау, типологиялық салыстыру және ғылыми тұжырымдау әдістерін қолданған.</p>
8.	<p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	
	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p>	
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p>	
	<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша дәйрлеу бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Зерттеу нәтижелерінің негізділігі мен дәйектілігі тақырыпты терең ашуға құрылған талдаулар әдістемесі негізінде жүзеге асқан.</p>

	<p>эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ</p>	
	<p>8.4 Мамандық мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Зерттеу жұмысындағы мамандық мәліметтер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Қазақ тележурналистикасының тарихы, қалыптасуы мен даму мәселелерін зерттеген М. Барманқұлов, Н. Омашев, Қ. Тұрсын, Ә. Молдабеков, С. Барлыбаева, К. Кабылғазы, Н. Шынгысова, А. Бейсенқұлов, М. Абдраев, Ұ. Есенбекова сынды ғалымдардың пікірлері мен тұжырымдарын басшылыққа алған. Сонымен қатар Ресей ғалымдары В. Третьяков, Я. Засурский, Г. Кузнецов, В. Цвик, Г. Мельник, Г. Дазутинаның және М. Нани, Ж. Бейнбриж, Н. Гок сынды шетелдік зерттеушілер еңбектеріне сілтеме берген.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертацияны жазу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың 150-ден астам еңбегі жеткілікті деңгейде пайдаланылған. Сонымен қоса әр жылдары мерзімді басылымдарда, ақпараттық сайттарда жарық көрген телевизия туралы материалдар, телесала мамандарының пікірлері, сұхбаттары, әлеуметтік желідегі жеке парақшаларындағы ақпараттарды пайдалануы зерттеу жұмысының құндылығын арттырып отыр.</p>
<p>9 Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Иә, диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы жоғары. Зерттеу нәтижелерін ғылыми жұмыстарда, телевизия саласы туралы жазылғанын журналистика материалдарда дереккөз ретінде қолдануға болады. Тележурналистика саласын зерттеушілер мен сарапшылар, болашақ журналистер мен осы салада білім беретін оқытушылар нұсқаулық ретінде қолдана алады. Сонымен қатар журналистика мамандығындағы тележурналистика, телеменеджмент және қазіргі журналистиканың жанрлық және пішіндік ерекшелігі пәндеріне қосымша материал ретінде енгізуге тұрарлық.</p>
<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың практикалық нәтижелері қазірдің өзінде қолданысқа енген. «Телевизиялық хабар дайындау технологиясы» (2017), «Тележурналистика: тәжірибе» (2022) оқу құралдары жарық көріп, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті (Алматы қ.), цифрлық журналистика мамандығының оқу-жұмыс бағдарламасына енгізіліп, 2-3 курс студенттеріне дәріс оқылып, тәжірибелік сабақтар өтілуде.</p>	
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Өйткені цифрлық кезеңдегі қазақ тележурналистикасындағы технологиялық-</p>

		1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)	шығармашылық үдерістер кешенді ғылыми зерттеу нысанына алынбаған.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Зерттеу жұмысы жоғары деңгейде, академиялық еңбектің талаптарына сай жазылған. Диссертацияның жазу стилі айқын, жеңіл өрі жүйелі, тұжырымдары нақты, деректер ғылыми тілде жеткізілген. Техникалық ресімдеу нормалары сақталған.

Қорытынды: Докторант Қалинаждарова Шынар Идрышевнаға «БД050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Қазақстан телерадиоларының даму тенденциялары және инновациялық үлгісінің қалыптасуы» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы үшін филология докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:
Алматы Менеджмент Университеті,
филология ғылымдарының докторы,
профессор



Шиндалынова Менлиқұл Бұрхановна

Подпись заверяю
Кол койғанын растаймын
«08» 12

